

"ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУҒА ҚАРЖЫ КӨБЕЙЕДІ"

Сарқылмасын Сыр - Ана!





АХАТОВТЫҢ 6 АЙЫ: АҚШАСЫ ЕКІ ЕСЕ АРТТЫ

Қызылорда қаласының әкімі Н. Ахатовты былайғы жұрт үлкен-кіші әкімдер арасында жас көріп жүргенімен, енді бір екі-үш жылда ол “ер жасы 50-ге келеді”.

Қызылорда қаласына әкім болып келгенге дейін осыдан 25 жыл бұрын облыстың Статистика жөніндегі есептеу орталығының маман жабдықтаушысы болып қызмет бастап, өз туған жері Шиеліде 8 жылдай әр алуан қызмет атқарып, елдің қыр-сырына қанықты. Сондай - ақ, Қызылорда қаласына әкім болып төтеннен келген жоқ. Бұдан шамалы уақыт бұрын қала әкімі аппаратының басшысы, әкім орынбасары, Қызылорда “Автобус паркі” директоры қызметтерін атқарды. Тіпті қалалық мәслихатқа депутат болып та сайланды.

Бәлкім, Қызылорданың жай күйінен бұрыннан да осы қанықтығының, әрі Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институтында “бухгалтерлік есеп және аудит” бойынша алған білімінің де әсері болар, әйтеуір, биылғы жылдың 6 айын қорытындылағанда қала кірісі 19 млрд. 60 млн. теңге деп жоспарланғанымен, қала бюджетіне 21,1 млрд. кіріс кіріп, жоспар 110,6 пайызға артығымен орындалған. Талдап айтар болсақ:

- 7 416 602,2 мың теңге - корпоративтік табыс салығы;
 - 1 666 166,4 мың теңге - жеке табыс салығы;
 - 1 067 610,1 мың теңге - әлеуметтік салығы;
 - 1 275 469,9 мың теңге - мүлік салығы;
 - 1 582 773,9 мың теңге - көлік салығы;
 - 165 265,6 мың теңге - жер салығы;
 - 7 902 765,4 мың теңге - басқалары;
- Барлығы - 21 076 653,5 мың теңге.



Кіріс қайдан көбейді дегенде Қызылорда Өңірлік Коммуниациялар қызметі алаңында брифинг берген Ахатовтың өз сөзімен айтар болсақ:

- “Қаржы көлемін ұлғайту мақсатында кәсіпкерлік және басқа да жылжымайтын мүлік нысандарына қайта бағалау жүргізіп, олардың құнын 10 есеге дейін арттыру, жер және мүліктердің нысаналық мақсаттарын кәсіпкерлікке ауыстыру шаралары секілді жұмыстар жүзеге асуда.

Мысал ретінде, бастапқы құны 1,4 млрд теңгені құрайтын 16 кәсіптік нысанға қайта бағалау жүргізіліп, нәтижесінде 4,7 млрд теңгені құрады. Сәйкесінше, олардың мүлік салығы 11,3 млн теңгеден 45,3 млн теңгеге ұлғайып, қосымша 34,0 млн теңге түсім күтілуде. Нәтижесімен жыл басынан бюджетке қосымша, яғни жоспардан бөлек 1,2 млрд теңгеге жуық түсім түсіріліп, жыл аяғына дейін қосымша 2 млрд теңге түсім күтілуде. Алдағы уақытта қала аумағында жоспарға сәйкес 800-ге жуық нысан қайта бағаланатын болады”.

Демек, қала бюджетінің кірісі бұдан да еселеп көбейіп, Ахатов жыл қорытындысы бойынша брифинг бергенде қала бюджетінің еселеп артқанын білетін боламыз деген сөз.

Соңғы жылдары Қызылорда облысы экономикалық, әлеуметтік макрокөрсеткіштердің барлығынан да ел алдында келеді. Мәселен, брифингте айтылғандай аймақтың негізгі капиталына 295,1 млрд. теңге инвестиция тартылып, өсім 121,5 пайызды құрады. Құрылыс жұмыстарының көлемі 144,5 пайызға (112 млрд. теңге) жоғарылады. Өңдеу өнеркәсібі – 117,2 пайызға (188,2 млрд. теңге), тұрғын үй – 106,0 пайызға (350,4 мың шаршы метр), ауыл шаруашылығы – 102,8 пайызға (31,5 млрд. теңге), сауда – 104,2 пайызға (246,5 млрд теңге) артты десек, аймақ басшысы Н. Нәлібаевтың айбыны асқақтай түсетіні рас.

Брифингте Н. Ахатов бұл деректерді текке келтірмейті. Өйткені Ахатовтың өз сөзімен айтар болсақ: “Бұл өсімдерде облыс орталығы – Қызылорда қаласының үлесі бар екенін атап өткен жөн.

Атап айтар болсам, 2025 жылғы 1 шілдеге қаламыздың негізгі капиталына салынған инвестиция 147,5 млрд. теңгені құрап, 129,3 пайызға артты (облыстағы үлесі – 50%). Құрылыс жұмыстарының көлемі 59,3 млрд. теңгеге жетіп, 158,2 пайызға өсті (облыстағы үлесі – 53%). Өңдеу өнеркәсібі – 103,7 пайызға (47,1 млрд. теңге), тұрғын үй – 104,9 пайызға (200,3 мың шаршы метр), ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы өнім көлемі 2,5 млрд. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 104,3 пайыз болды. Бөлшек сауда көлемі 214,5 млрд теңгені құрап, 104,4 пайызға көтерілді. Облыстағы үлесі – 87%”.

Брифингте қала әкімі Н.Ахатов: Облыстың экономикалық өсіміндегі айбынды тұстарын айтып, сол өсімде өзіндік үлесі бар Қызылорда қаласының да айбынын асырды.

Қала әкімі кім болғанда да қала басшысына абырой болар ауқымды жобалардың барлығы аймақ басшысы Н. Нәлібаевтың ауқымы екені ақиқат. Мұны қала басшысы Н. Ахатов та жоққа шығармайды. Қала әкімінің өзі айта беретіндей, “Аймақ басшысының тегеурінді талабы мен тың бастамалары нәтижесінде” қалада жүзеге асып жатқан “маңызды жобалардың қатарында биылғы мамыр айында Үкімет қаулысымен облыс орталығында көлемі 550 гектар болатын (авиацияға қызмет көрсету – 50 гектар, көтерме-бөлшек сауда және қоймалау – 100 гектар, өнеркәсіптік аймақ – 400 гектар) жаңа арнайы «Қорқыт ата» экономикалық аймағы пайда болды.

2049 жылға дейін бұл аймаққа тартылатын инвестиция көлемі 156 млрд. теңгеге, оның ішінде шетелдік капитал 88 млрд. теңгеге дейін жетеді. Өндірілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі 527,1 млрд. теңге болады деп күтілуде. Жаңа жұмыс орындары – 3 366, қатысушы компаниялар саны – 39. Экономикалық аймақ аумағында арнайы құқықтық режим әрекет етеді, бұл салықтық және кедендік жеңілдіктерді қамтиды. Инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасап, өңірдің экономикалық дамуына серпін береді.

5-бетте

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен осы аптадағы Үкімет отырысында Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес тау-кен металлургия кешенін дамыту жөніндегі шаралар қаралды.

Отырыс барысында О.Бектенов Мемлекет басшысының тау-кен саласын дамытуға ерекше көңіл бөліп отырғанын, Қазақстанның тау-кен өнеркәсібі үлкен экспорттық әлеуетке ие екенін, бүгінде мыс, мырыш, темір және алюминий сияқты металдарға сыртқы нарықтарда сұраныс жоғары болып отырғанын атап айтты.

Үкімет отырысында О.Бектенов:

- «Жер қойнауын геологиялық барлау көлемін арттыру үшін биылдан бастап қаржыландыру көлемін өдеуір ұлғайтамыз. Біз жер қойнауын пайдалану құқықтарын беру бойынша аукциондардан түсетін бонустардың қаражаттарын геологияны дамытуға бағыттау туралы шешім қабылдадық. Биыл бұл сома кемінде 30 млрд. теңгені құрайды. Аталған қаржы көлемі әлі де арта түсетін болады. Қазіргі уақытта тиісті есептеулер жүріп жатыр», — деп тиісті Министрліктерге тапсырма берді.

Үкіметтің осы отырысынан соң облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың төрағалығымен өткен облыс әкімдігінің мәжілісінде тау-кен өндірісіне, көші-қон саясатына, балалардың жазғы тынығу лагерлерінің жұмысына қатысты жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

Облыс аумағында 28 тау-кен компаниясы жұмыс істейді. Оның 11-і мұнай, 4-еуі уран, ал 13-і қатты және кең таралған пайдалы қазбаларды өндірумен айналысады. Бұл салада шамамен 8 500 адам еңбек етеді. Биыл алғашқы жартыжылдықта тау-кен өнеркәсібінде 286,4 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 7%-ға төмен. Дегенмен, өңірдің жалпы өнеркәсіп өнімінің көлемі 512,2 млрд теңге болып, жоспар 100%-ға орындалды. Қазір жаңа кен орындарын анықтау бағытында геологиялық зерттеулер жүргізіліп, мұнайдың терең қабаттары игерілуде. Сырдария бассейнін зерттеу мақсатында бұрғылау жабдықтары жеткізіліп, дала жұмыстары басталды. «Баласауысқандық» жобасы 2016 жылдан бері шетелдік инвестор қатысуымен іске асуда.

«Шалқия» кенішінің жерасты шахтасын салу 2022 жылдан бері қолға алынған. Бұл жоба жүзеге асқанда аймақта 300 млрд. теңге көлемінде инвестиция тартылмақ.

Цифрландыру бағытында да ілгерілеу бар. 2018 жылдан бері «Қазгермұнай» компаниясы «Интеллектуалды кен орны» технологиясын енгізіп, мұнай өндіруді 1-2%-ға арттыруға және шығындарды 10% азайтуға қол жеткізді.

Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Д. Жаналинов:

- «Тау-кен өндірісінің көрсеткіштерін көтерудегі тиісті жұмыстарды күшейту керек. «Шалқия» және «Баласауысқандық» тау-кен байыту комбинаты құрылысын бақылау алып, жоспарға сәйкес жүргізілуін қамтамасыз етіңіздер. Осы саладағы мекемелерді цифрландыруға баса мән беру қажет» — деп тиісті сала басшыларына тапсырма берді.

ЕСЖАНОВ ЕСКЕРТЕДІ: ПЫСЫҚАЙЛАРҒА КӨЗ ЖҰМЫП ОТЫРА АЛМАЙДЫ



Егер сапалы, қоғам сұранысына сай, адамгершілік пен адалдық қағидатын қатаң сақтап, өзінің әлеуметтік жауапкершілігін сезініп жұмыс жасайтын **жеке кәсіпкерлер** болса оларға алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Қызылорда облысының білім басқармасы басшысы А.Есжанов:

Қазіргі таңда ата - аналар тарапынан жекеменшік балабақшаларда көрсетілетін қызметтің сапасына қатысты **көңіл толмаушылық жағдайларының** орын алып отыратындығы жасырын емес.

Соңғы айлардағы Шиелі ауданындағы «Раяна» балабақшасы тәрбиеленушісінің бірнеше жерден тістелуі мен «**Сыр болашағы**» балабақшасындағы бұздыршының ыстық суға күйіп қалуы, «**Күнм-ай**» балабақшасының жеке көлікпен балаларды балабақшаға тасымалдауы салдарынан жол-көлік оқиғасы орын алып, 2 бала ауыр халде жансақтау бөліміне түсуі дерегі **қоғамдық резонанс** тудырды.

3-бетте

“АТА-АНА ТӨЛЕМАҚЫСЫ БЕКІТІЛГЕН СОМАДАН АСПАУЫ ҚАЖЕТ”

Қызылорда облысы әкімдігінде облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың төрағалығымен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметіне қатысты мәселелер талқыланған мәжіліс өтті. Жиынға тиісті сала басшылары, балабақшалардың құрылтайшылары қатысты.

- «Барлық балабақша менгерушілеріне ата-ана төлемақысының бекітілген сомадан аспауы қажеттігін ескертемін. Тасымал мәселесіне де ерекше назар аудару қажет. Балалардың қауіпсіздігі – басты талап. Автокөлікке қойылатын арнайы талаптар қатаң сақталуы тиіс. Қала, аудан әкімдері, жергілікті полиция басқармаларымен бірлесіп отырып, «Балабақшадағы қауіпсіз тасымал» рейдтік шарасын ұйымдастырыңыздар.

Мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі құжаты – балабақша жарғысы. Жарғыда бекітілген жұмыс уақытының дұрыс рәсімделмеуі, бекітілген жұмыс кестесінің сақталмауы барлық балабақшада кездескен. Жарғыны қайта қарап, тиісті заңнама талаптарына сәйкестендіруді және орындалуын қатаң бақылауға алуды тапсырамын» деді – Данияр Жаналинов.

Аймақта 676 мектепке дейінгі ұйымда 50 079 бала тәрбиеленуде. Жалпы 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту көрсеткіші 100%, ал 2–6 жас аралығындағылардың қамтылуы 92,6%.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2017 жылғы 1 ақпандағы
№ 36 бұйрығына
15-қосымша

Әкімшілік нысанның атауы: «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ, БИН 961140000212 (экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрі) шекті бағасында ескерілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы не орындалмауы туралы жарты жылдық ақпарат 35140 электр энергиясын сату (қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі)

Әкімшілік деректер нысанының индексі: ОИП және НЕИП-1
Кезеңділік: жартыжылдық
Есепті кезең: 2025 жылғы 1- жартыжылдық
Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі: «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ
ЖСН/БСН 961140000212

№	Инвестициялық бағдарлама (жоба) көрсеткіштерінің атауы (қолданылу кезеңін көрсете отырып)	Қим бекітті (бұйрықтың күні, нөмірі)	Іс-шараның атауы	Іс-шаралардың іске асырылу жылдары		Шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарлама іс-шарасының, объектісінің жоғары параметрлері (көрсеткіштері)						Шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарлама іс-шарасының, объектісінің орындалуы, нақты параметрлері (көрсеткіштері), (тоқсан сайын, өсіп отыратын жиынтығымен)						Ауытқулар	Ауытқу себептері
				1-жарты-жылдық	2-жарты-жылдық	Өлш. бірл.	Техникалық параметрлер	Өлш. бірл.	Инвестициялар сомасы	Өлш. бірл.	Инвестициялар көзі	Өлш. бірл.	Техникалық параметрлер	Өлш. бірл.	Инвестициялар сомасы	Өлш. бірл.	Инвестициялар көзі		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0

* 2025 жылдың шекті бағасында инвестициялық бағдарламаның (жобаның) жүзеге асырылуы қаралмаған

Приложение 15 к приказу
Министра национальной экономики
Республики Казахстан
от 1 февраля 2017 года № 36

Наименование административной формы:
Полугодовая информация АО «Қызлординская распределительная электросетевая компания, БИН 961140000212 об исполнении (наименование, бизнес идентификационный номер/ индивидуальный идентификационный номер субъекта общественно значимого рынка) либо неисполнении инвестиционной программы (проекта), учтенной в предельной цене 35140 продажа электрической энергии (вид деятельности по общему классификатору экономической деятельности)
Индекс формы административных данных: ОИП и НЕИП-1
Периодичность: полугодовая
Отчетный период: за 1 полугодие 2025 года
Круг лиц, представляющих информацию: АО «Қызлординская распределительная электросетевая компания
ИИН/БИН 961140000212

№	Наименование показателей инвестиционной программы (проекта) (с указанием периода действия)	Кем утверждена (дата, номер приказа)	Наименование мероприятия	Годы реализации мероприятий		Плановые параметры (показатели) мероприятия, объекта инвестиционной программы, учтенной в предельной цене						Исполнение, фактические параметры (показатели) мероприятия, объекта инвестиционной программы, учтенной в предельной цене (сезонарально, с нарастающим итогом)						Отклонения	Причины отклонения
				1 полу-годие	2 полу-годие	Единица измерений	Технические параметры	Единица измерений	Сумма инвестиций	Единица измерений	Источник инвестиций	Единица измерений	Технические параметры	Единица измерений	Сумма инвестиций	Единица измерений	Источник инвестиций		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0

* Реализация инвестиционной программы (проекта) в предельной цене 2025 года не предусмотрена

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ
2025 жылғы 1 жартыжылдыққа арналған шекті бағада ескерілген электр энергиясын, сатып алу және (немесе) беру жөніндегі қаражатты пайдалану туралы ақпарат

мың тенге			
Шығындар	Бекітілген шығындар сметасы	Нақты шығындар	Айырма
Электр энергиясын сатып алу шығындары	8 941 722	9 462 117	520 395
Ұлттық электр желісін пайдалану және электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге арналған шығындар	5 527 029	6 155 440	628 411
Электр қуатының электр қуаты нарығында жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету және электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерге арналған шығындар	1 096 113	1 672 898	576 785
	15 564 864	17 290 455	1 725 591
Жиынтығы:			

Информация об использовании средств АО «Қызлординская распределительная электросетевая компания» по покупке и (или) передаче электрической энергии, учтенных в предельной цене за 1 полугодие 2025 года

тыс.тенге			
Статья затрат	Утвержденная смета затрат	Фактические затраты	Отклонение
Затраты по покупке электрической энергии	8 941 722	9 462 117	520 395
Затраты на услуги по пользованию национальной электрической сетью и передаче электрической энергии	5 527 029	6 155 440	628 411
Затраты на услуги по обеспечению готовности электрической мощности к несению нагрузки на рынке электрической мощности и по организации балансирования производства-потребления электрической энергии	1 096 113	1 672 898	576 785
Всего:	15 564 864	17 290 455	1 725 591

«ҚЫЗЫЛОРДА ЭЛЕКТР ТАРАТУ ТОПТАРЫ КОМПАНИЯСЫ» АҚ 2025 ЖЫЛҒЫ 1-ШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚҚА АРНАЛҒАН ТҰТЫНУ КӨЛЕМДЕРІ ЖӘНЕ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҰТЫНУШЫЛАР ТОПТАРЫ БОЙЫНША КІРІС ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

БСН 961140000212

экономикалық қызметтің жалпы жіктеуші бойынша қызмет атауы	өткізу көлемі (киловатт сағат)				өткізу көлемі (мың тенге) (қосымша құн салығынсыз)				босату бағасы теңгемен (қосымша құн салығынсыз)				кірістілік деңгейі		
	барлығы	тұтынушылар санаты			барлығы	тұтынушылар санаты			барлығы	тұтынушылар санаты			шығыстар, мың тенге	реттеліп көрсетілетін қызметтердер түскен кірістер, мың тенге	кірістілік деңгейі, %
		заңды тұлғалар	жеке тұлғалар*			заңды тұлғалар	жеке тұлғалар*			заңды тұлғалар	жеке тұлғалар*				
			саралаусыз сату тарифі бойынша	тұтыну көлемдері бойынша			саралаусыз сату тарифі бойынша	тұтыну көлемдері бойынша			саралаусыз сату тарифі бойынша	тұтыну көлемдері бойынша			
<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>	<i>4</i>	<i>5</i>	<i>6</i>	<i>7</i>	<i>8</i>	<i>9</i>	<i>10</i>	<i>11</i>	<i>12</i>	<i>13</i>	<i>14</i>	<i>15</i>	<i>16</i>
жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі	38 687 482	0	0	38 687 482	854 534	0	0	854 533,8				22,09			
1-денгей	192 530 644	0	192 530 644	0	4 162 397	0	4 162 397	0			21,62				
2-денгей	22 061 894	0	22 061 894	0	591 972	0	591 972	0			26,83				
3-денгей	13 133 038	0	13 133 038	0	439 959	0	439 959	0			33,50				
бюджеттік ұйымдар	48 348 471	48 348 471	0	0	2 094 625	2 094 624,55	0	0		43,32					
өзге тұтынушылар	261 220 447	261 220 447	0	0	6 540 485	6 540 485,32	0	0		25,04					
ТЭЦ-6 суб. абоненттер	2 651 131	2 651 131	0	0	51 909	51 909,39	0	0							
«ҚЭТТК» АҚ бойынша барлығы	578 633 108	312 220 049	227 725 576	38 687 482	14 735 882	8 687 019	5 194 329	854 534	25,47	27,82	22,81	22,09	16 868 416	14 735 882	-12,6

ИНФОРМАЦИЯ О ДОХОДЕ АО «КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ РАСПРЕДЕЛИТЕЛЬНАЯ ЭЛЕКТРОСЕТЕВАЯ КОМПАНИЯ» ПО ОБЪЕМАМ ПОТРЕБЛЕНИЯ И ОТДЕЛЬНЫМ ГРУППАМ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ ЗА 1 ПОЛУГОДИЕ 2025 ГОДА

БИН 961140000212

Наименования услуг по общему классификатору экономической деятельности	Объемы реализации (киловатт час)				Объемы реализации (тысяч тенге) (без налога на добавленную стоимость)				Отпускная цена в тенге (без налога на добавленную стоимость)				Уровень доходности		
	Всего	в том числе по группам потребителей			Всего	в том числе по группам потребителей			Всего	в том числе по группам потребителей			Затраты в тыс.тенге	Доходы от регулируе- мых услуг в тыс.тенге	Уровень доход- ности в %
		Юридические лица	Физические лица*			Юридические лица	Физические лица *			Юридические лица	Физические лица*				
			по отпускному тарифу без дифферен- циации	по объемам потребления			по отпускному тарифу без дифферен- циации	по объемам потребления			по отпускному тарифу без дифферен- циации	по объемам потребления			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
ср/отпускной для физических лиц	38 687 482	0	0	38 687 482	854 534	0	0	854 533,8				22,09			
1-уровень	192 530 644	0	192 530 644	0	4 162 397	0	4 162 397	0			21,62				
2-уровень	22 061 894	0	22 061 894	0	591 972	0	591 972	0			26,83				
3-уровень	13 133 038	0	13 133 038	0	439 959	0	439 959	0			33,50				
бюджет.организ.	48 348 471	48 348 471	0	0	2 094 625	2 094 624,55	0	0		43,32					
прочие потреб.	261 220 447	261 220 447	0	0	6 540 485	6 540 485,32	0	0		25,04					
Суб.абоненты ТЭЦ-6	2 651 131	2 651 131	0	0	51 909	51 909,39	0	0							
Всего по АО «КРЭК»	578 633 108	312 220 049	227 725 576	38 687 482	14 735 882	8 687 019	5 194 329	854 534	25,47	27,82	22,81	22,09	16 868 416	14 735 882	-12,6

